

le du Turkestan  
hokai -  
**Turkestan**  
No. 100  
(Le Jeune Turkestan)

Revue mensuelle  
de la Presse nationale du Turkestan  
Tchokai - Ogh



# Тәуелсіздік жаршысы— Мұстафа Шоқай

Mustafa Tchokai - Oghly  
Fontaine  
Marne (Seine)  
France  
Nogent s.

Дайындаған: Ташкенбаева Д.  
Факультет: стом 12-001-02

# Мұстафа Шоқай

- ❖ Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері
- ❖ Ойшыл Түркістан автономиясының жетекшісі
- ❖ Ғалым
- ❖ Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер





• Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, түрік халқының даңқты күрескері Мұстафа Шоқай 1890 жылы (кей деректерде 1889 ж.) 25 желтоқсанда Сырдария губерниясы Ақмешіт уезіне қарасты (қазір Шиелі ауданы) Наршоқы деген жерде туған. . Мұстафа қазақ даласына белгілі үлкен шонжар, Хиуа ханының үлкен датқасы болған Торғай бидің немересі. Әкесі – Шоқай. Анасы – Бақтыбике. Ағасы – Сыздық. Інісі - Нұртаза

# Алған білімі

Алғашқы кезде ол ауыл молдасынан хат таныған, кейін Қызылордада мектепке барған. Бірақ Қызылордадағы мектепке қанағаттана қоймаған әкесі Мұстафаны 1902 жылы Ташкенттегі ер балалар гимназиясына береді. Бұл жерді ол алтын медальмен бітіреді.

- Мұстафа Шоқайдың Ташкенттегі ерлер гимназиясын тәмамдағаны туралы аттестат. Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат, Санкт-Петербург, Ресей. Қыркүйек, 2009 жыл.





- 1913 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін үздік бітірген.

Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін Мұстафа Шоқайдың тәмамдағаны туралы куәлік (диплом). Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат, Санкт-Петербург, Ресей. Қыркүйек, 2009 ЖЫЛ.





- Мұстафа Шоқайға «1913-1914 оқу жылдары Санкт-Петербургтің Императорлық университетіне кіру үшін» берілген студенттік билет. Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат, Санкт-Петербург, Ресей. Қыркүйек, 2009 жыл.



# Меңгерген тілдері:

- Қазақ
- Орыс
- Түрік
- АҒЫЛШЫН
- Француз
- Неміс
- Поляк
- Өзбек

# Еңбектері:

- «Түркістан Советтердің үстемдігі астында»,  
2 томдық «таңдамалылары»,
- «Түркістандағы төңкеріс. Ақпан дәуірі»
- «Орта Азиядағы ұлттық қозғалыс» ,т.б.

Кавказ елдерінің, Түркияның және Батыс Еуропаның газеттерінде түрік, француз, ағылшын, неміс тілдерінде жарияланған Шоқайдың толып жатқан мақаласы әлі күнге дейін қазақ және орыс тілдеріне аударылған жоқ.

# Өлім.Өмір

Мұстафаның өлімі туралы түрлі-түрлі пікір бар. Әркім әрқалай айтады. Біреулер Сталин өлтірді дейді, біреулер Гитлер өлтірді дейді. Қайраткер 1941 жылы

27 желтоқсанда Берлиндегі «Виктория» ауруханасында жұмбақ жағдайда көз жұмады. Оған біреу у беріп, улап өлтірді деген де болжам бар. Кейбір тарихшылардың айтуынша, Мұстафа Шоқай сүзек дертінен көз жұмған. Мәйіті қаладағы мұсылмандар зиратына жерленді.



Мұстафаның аз  
ғана тірлігі, бар  
ғұмыры болашаққа  
арналған.  
Сондықтан  
Мұстафа  
ауруханада өлген  
күні Мұстафаның  
үлкен болашағы  
басталды.

- Францияның  
Ножан-сюр-Марн  
(Валь-де-Марн  
департаменті) қаласында  
қазақ ұлт өкілдерінің  
қатысуымен Мұстафа  
Шоқай ескерткіші  
орнатылған.



- Еліміздің көптеген қалаларында Мұстафа Шоқай есімімен аталатын көшелер, мектептер бар.
- Қызылорда қаласындағы Экология университетіне Мұстафа Шоқай есімі берілген.

Қайраткердің туған ауылына  
ескерткіші қойылған.




Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылдық округінде Алаш ардақтысы, қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай есімімен аталатын мешіт салынған.





- Оның түркі дүниесінің бостандығы жолындағы қайраткерлік күресі жайлы «Мұстафа Шоқай» көркем фильмі түсірілді



М. Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде. Ол әлі шығыс халықтарына үлгі болады. Адамзат тарихында аса ірі тұлға ретінде ірілене береді. Беделі артып, шығармалары оқылады.